

Айсулу Искаковадокторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.
ORCID: 0009-0004-5086-2191 E-mail: jumanalievna@list.ru**ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ «КЕҢІСТІК» ҰҒЫМЫ**

Андатпа. Мақала қазақ дүниетанымындағы «кеңістік» ұғымын зерттеуге арналған. Кеңістік – адам ойлауының әмбебап категориясы ретінде барлық этностар мен дәуірлерге тән категория. Математика, физика, география, философия және лингвистика сияқты ғылымның әртүрлі салаларында қарастырылады. Мақалада кеңістік ұғымы түркі халықтарының санасы, атап айтқанда, ұзақ тарихи даму кезеңіндегі қазақтардың менталитеті негізінде талданады. Мақаланың мақсаты – көркем шығарманы талдау арқылы қазақ халқының кеңістікті қабылдау мен түсіну ерекшеліктерін зерттеу. Талдау Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясына негізделген. Зерттеу жұмысында түркі халықтарының көшпелі мәдениетін көрсететін *дала*, *жер* және *жол* тірек сөздеріне назар аударылды. Аталған сөздерді семантикалық талдау нәтижесінде қазақ халқының санасындағы кеңістікті білдіретін әртүрлі аспектілер мен олардың көпмағыналылығы ашылды. Тілдік бірліктерден кеңістіктің динамикасын, қозғалысын, кеңдігін, түсін, көлемін, сипатын білдіретін, сонымен қатар өлшем мен аумақ қатар келетін көрсеткіштер анықталды. Зерттеу нәтижесінде қазақ дүниетанымында кеңістік әр кезең сайын дамып отыратын, қазақтың көшпелі өмір салтымен, кеңістіктегі қозғалысымен, тарихи бастан кешкен оқиғалармен тығыз байланысты негізгі әмбебап категория деген қорытынды жасалды.

Тірек сөздер: кеңістік; дала; таным; көшпелілер; дүниетаным**Сілтеме жасау үшін:** Искакова А. Қазақ дүниетанымындағы «кеңістік» ұғымы. *Tiltany*, 2024. №4(96). 80-89-бб.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-80-89>**Айсулу Искакова**докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Казахстан, г. Астана, ORCID: 0009-0004-5086-2191 E-mail: jumanalievna@list.ru**ПОНЯТИЕ «ПРОСТРАНСТВА» В МИРОВОЗЗРЕНИИ КАЗАХОВ**

Аннотация. Статья посвящена изучению понятия пространства в мировоззрении казахов. Пространство как универсальная категория мышления человека характерна для всех этносов и эпох, рассматривается в различных областях научного познания, таких, как математика, физика, география, философия и лингвистика. Понятие пространства в статье анализируется в сознании тюркских народов, в частности, в ментальности казахов, на протяжении длительного исторического периода. Цель статьи – изучение особенностей восприятия и понимания пространства казахским народом через анализ художественного произведения. Анализ основан на трилогии Ильяса Есенберлина «Кочевники», где внимание обращается на такие ключевые слова-маркеры тюркской кочевой культуры, как *степь*, *земля* и *дорога* (путь). Семантический анализ указанных слов-маркеров раскрывает их многозначность, демонстрирующие различные аспекты понимания пространства в сознании казахского народа, в некоторых из них есть семемы, выражающие динамичность, движение, обширность пространства. В результате исследования сделан вывод о том, что в казахском мировоззрении пространство представляет собой фундаментальную универсальную категорию, тесно связанную с традиционным кочевым образом жизни и передвижением в пространстве, что, несомненно, обусловлено историческим укладом казахов и их проживанием в обширной степи.

Ключевые слова: пространство; степь; познание; кочевники; мировоззрение**Для цитирования:** Искакова А. Понятие «пространства» в мировоззрении казахов. *Tiltany*, 2024. №4 (96). С. 80-89. (на каз. яз.)DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-80-89>**Aisulu Iskakova**Doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana
ORCID: 0009-0004-5086-2191 E-mail: jumanalievna@list.ru**THE CONCEPT OF “SPACE” IN THE KAZAKH WORLDVIEW****Abstract.** The article is devoted to the study of the concept of space in the worldview of the Kazakhs. Space, as a

universal category of human thought characteristic of all ethnic groups and eras, is examined across various fields of scientific knowledge such as mathematics, physics, geography, philosophy, and linguistics. The concept of space in the article is analyzed within the consciousness of Turkic peoples, particularly in the mentality of the Kazakhs, over an extended historical period. The purpose of the article is to explore the peculiarities of how space is perceived and understood by the Kazakh people through the analysis of a literary work. The analysis is based on Ilyas Yesenberlin's trilogy "Nomads", where attention is drawn to key lexical markers of Turkic nomadic culture, such as "steppe," "land," and "road" ("path"). The semantic analysis of these lexical markers reveals their polysemy, showcasing various aspects of how space is understood in the consciousness of the Kazakh people. Some of these markers contain sememes that express dynamism, movement, and the vastness of space. As a result of the study, it was concluded that in the Kazakh worldview, space represents a fundamental universal category closely associated with the traditional nomadic way of life and movement through space, which is undoubtedly shaped by the historical lifestyle of the Kazakhs and their habitation in the vast steppe.

Keywords: space; steppe; cognition; nomads; worldview

For citation: Iskakova A. The Concept of "Space" in the Kazakh Worldview. *Tiltanyim*, 2024. №4 (96). С. 80-89. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-80-89>

Кіріспе

Кеңістіктің адам өмірінде алар маңызы зор. Кеңістік ұғымы осы уақытқа дейін ғылымның әртүрлі салаларында жеке дара қарастырылып келгенімен, тіл білімінде жүргізілген зерттеулер аз. Кеңістік кең ұғым болғандықтан, жан-жақты зерттеуді талап етеді. Адам кеңістікпен қоршалған және кеңістіктен тыс өмір сүре алмайды, сол себептен кеңістік туралы пікір әр дәуірде, әр халықта, әр өркениетте қалыптасқан. Адам санасындағы кеңістік туралы алғашқы түсінік географиялық аумаққа байланысты қалыптасты. Тарихқа терең үңілер болсақ, айналаны тануға деген ұмтылыс тамақ табу, су табу деген сияқты қарапайым қажеттіліктен пайда болды. Бұл оның тіршілік ету ортасын түсінуге, бағдарлауға, өз мақсатына пайдалануға көмектесті. Отырықшы халықтар егін шаруашылығымен айналысты, олар жаңа жерлерді тануға ұмтылған жоқ. Ал көшпелілер еркін болды, мал жаю үшін шұрайлы жер іздеп, бірінен соң екінші аумақты игеріп отырды. Содан халықтың көшпелі немесе отырықшы өмір салтына байланысты кеңістік туралы көзқарасы кеңейді. Қазақтар кеңістікті табиғат арқылы таныды. Даланың шөлді-шөлсіз, таулы-таусыз сипаты, шөптің ұзын-қысқа болып өсуі, жолдың тура не қисық болуы, жердің өзіне немесе басқаға тиесілі болуы, жануарлардың шабысы – барлығы кеңістік туралы дүниетанымды қалыптастырды. Кеңістік – тіл білімінде өзекті тақырып, себебі көшпелілер қоныстанған аймақты зерттей отырып, халықтың дүниетанымы мен ұлттық сипатын анықтай аламыз.

Материал және әдістер

Мақаланы жазу барысында тарихи желі бойынша жазылған І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы (Алматы, 2015) негізге алынды. Аталған шығармадан кеңістікке қатысты негізгі ұғымдар жинақталды. Кеңістік категориясының әр саладағы мағынасы мен қолдану аясын анықтау мақсатында географиялық, математикалық, физикалық, философиялық түсіндірме сөздіктер пайдаланылды. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын ашуда «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» (2011) төртінші және алтыншы томдары, «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (1966), М. Қашқаридың «Түрік сөздігі» (1997) пайдаланылды. Зерттеу кезінде *дала*, *жер*, *жол* сөздерінің мағынасына лексика-семантикалық талдау жасалды. Одан бөлек мақалада жинақтау, мәтін талдау, синтез әдістері қолданылды.

Әдебиетке шолу

Кеңістік – адамның ойлау жүйесінде маңызды рөл атқаратын өркениеттің негізгі ұғымы. Бұл ұғымның іргелі болғаны соншалық әлем дамуының ежелгі мифологиялық, діни және философиялық кезеңдерінде әлемнің генетикалық бастауы ретінде қарастырылды. Ежелгі грек ойшылдары Аристотель, Эпикур, Демокриттің ойларынан басталып, кеңістіктің «жаңа дәуірі» Р. Декарт, Дж. Локк, Г. Лейбниц, И. Ньютон т.б. ғалымдардың зерттеулерімен жалғасты. Лингвистикада А.В. Бондарко, Г. Гак, И.М. Кобозева, М.Д. Ахундов, Р.А. Агаева, Ю.М. Лотман, Е.С. Кубрякова еңбектерінде көрініс тапты. Қазақ тіл білімінде бірен-сараң мақалалар болмаса, кеңістікті арнайы зерттеген ғылыми еңбектер жоқ, алайда түркі, қазақ дүниетанымын зерттеген философтар мен лингвистердің ғылыми зерттеулерінде кеңістік туралы біршама ойлар айтылды. Ұсынылып отырған мақалада А. Қодар, О.А. Сегізбаев, Н.Г. Шаймердинова, Э. Шакенова сияқты ғалымдардың еңбегіне жүгінетін боламыз.

Нәтижелер және талқылау

Кеңістік – болмыстың негізгі категорияларының бірі. Ғылымда кеңістік түсінігін айқындауда екі бағыт қалыптасқан: физика-математикалық және философиялық. Соның нәтижесінде қазіргі таңда кеңістік математика, физика, география, философия, лингвистика сияқты көптеген салалардың ортақ зерттеу нысанына айналды. «Кеңістік» ұғымын түсіну үшін әр саладағы ғалымдар мен философтардың пікіріне сүйене отырып, мағынасын қарастырып көрейік.

Математикада *«кеңістік – формалар мен белгілі құрылымдар жүзеге асырылатын логикалық ойластырылған құрылым»* (МЭС, 1988: 503). Қарапайым сызбаларда кеңістік әртүрлі фигуралар салынған орта ретінде қызмет етеді.

Физикада *«кеңістік – белгілі бір нысанның қашықтығы мен өзара орналасу реттілігін сипаттайтын түсінік»* (Физика. ОҚТС, 2011: 449). Кеңістікте әртүрлі физикалық денелер мен заттардың қозғалыс процесі жүреді. Бұл салада кеңістік заттың немесе құбылыстың ені, ұзындығы, биіктігі арқылы анықталады.

Географияда *«кеңістік – нысандар мен құбылыстардың географиялық аумақ ішінде өмір сүру формасы; белгілі бір территорияда орналасқан және уақыт өте келе дамитын географиялық нысандар арасындағы қатынастар жиынтығы»* (ГЭС, 1988: 56). Географиялық кеңістік жердің сандық және сапалық типологиясын көрсету, жер бедерін зерттеу, түрлі процестер мен құбылыстарды анықтау т.б. үшін қолданылады.

Философия тұрғысынан *«кеңістік – болмыстың негізгі категорияларының бірі, элементтердің ауқымын, құрылымын, қатар өмір сүруі мен өзара әрекеттесуін сипаттайтын материяның тіршілік ету формасы»* (ФЭС, 1983: 503). Атақты философ Аристотель орын категориясына баса көңіл бөле отырып, *«бір жерге қойылған заттың шекарасы орын деген анықтама берген»* (Ахундов, 1983: 120). Демек, орын – кеңістіктің бір бөлігі ғана. Эпикурдың айтуынша, *«жансыз табиғаттың бір бөлігі – бос орын, екіншісі – орын, үшіншісі – кеңістік. Барлық денеден айырылған табиғат ол – бос орын, дене (зат) қойылған жер – орын, ал сол жерден дененің өтуі – кеңістік»* (Ахундов, 1983: 122). Философтар ерте кезден кеңістік пен орынды ажырата білген, кеңістік туралы алғашқы ойлар айтқан. Алайда кеңістік туралы нақты тұжырымдар жасалып, жан-жақты қарастырылмаған. Сондықтан диахрондық тұрғыдан «орын» түсінігі бірінші, «кеңістік» түсінігі ғылым дамуының арқасында екінші қалыптасқан деген ой қорытуға болады.

Лингвистикада *«кеңістік нысанның орналасуын көрсететін локативтіліктің семантикалық категориясында көрініс тапты»* (Бондарко, 1996: 5). Тіл біліміндегі кеңістік әртүрлі тілдік бірліктер арқылы беріледі және мифологиялық, ғылыми, халықтық танымда көрініс табады. Мысалы, мифологияда «жеті қабат жер асты» идиомасы, ал тіл білімінде «жоғары-төмен» деген сияқты бағыттар мен әртүрлі тілдік бірліктер, халықтық танымда «ат шаптырым жер», «бие көшіндей жер» деген сияқты халықтық өлшем бірліктері арқылы көрініс табады.

Қазақ халқының танымындағы кеңістік ұғымына тоқталайық. Кеңістікті әр халық тұрмыс-тіршілігі, орналасу аймағына байланысты әртүрлі түсінген. Түркілер әубастан кеңістіктің кең ұғым екенін білген. Оны фольклордағы жер асты, жер үсті және аспан әлемі деп келетін шығармалардан байқаймыз. Көне түркі кезеңіндегі кеңістік ұғымы туралы Н.Г. Шаймердинова өз еңбегінде: *«Көне түркі дәуірінде түркілер әлем төртбұрышты деп ойлаған. Жазба деректердегі мәліметтер бойынша, кеңістік күннің қозғалысына байланысты (батыс-шығыс) және нақты географиялық атаулар арқылы (тау, шөл, көл т.б.) берілген»* – дейді (Шаймердинова, 2014: 78). Ежелгі түркілер батысқа, шығысқа, оңтүстікке немесе солтүстікке қарай бағыт алып, жауларымен соғысып отырған. Сөздік қорымыздағы әлемнің төрт бұрышы, төрткүл дүние тіркестері көне түркілік дүниетанымнан қалса керек. Қазақ халқы ежелден көшпелі өмір салтын ұстанғандықтан, кеңістіктің қазақ дүниетанымында алар маңызы зор. Көшпелі өмір салты қазақ танымында кеңістік туралы негізгі түсініктерді қалыптастырды. Ежелгі дәуірден келе жатқан жорықтар, жаулап алулар мен саяси әлеуметтік жағдайлар, тарихи факторлар, жазда жайлауға, қыста қыстауға көшіп жүретін өмір салты «дала тұрғындарының»

кеңістік туралы ойларын дамыта түсті. Қазақ өз алдына ел болып қалыптаса бастаған хандық дәуіріндегі түсінік туралы А. Қодар жыраулар әдебиетінде кездесетін «сегіз қиыр шартарап» тіркесін негізге ала отырып, «қазақтардың танымында кеңістік сегіз бұрышты. Қазақтар ертеден уақыт пен кеңістіктің бір-бірімен тығыз байланысын білген, сегіз бұрыш төрт бағыт пен төрт жыл мезгілін білдіреді» – деген тұжырым жасаған (Бахралинова, 2013: 175). Қазақтар үшін кеңістік ландшафттық сипатқа ие. Кеңістік – ол аспан астындағының бәрі – алаң, алқап, шөл дала, шабындық, орман, ұшы қиыры жоқ дала, әлем. Бұл туралы Л. Гумилев «этнос – географиялық құбылыс, халықтың өмірі әрдайым белгілі ландшафтымен байланысты» – дейді (Гумилев, 2002: 19). Отырықшы халықтар үшін кеңістік үй, тұратын аумақ сияқты белгілі территория болса, көшпелі халықтарда кеңістік – ол шексіз дала. Қазақтардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғандықтан, шөбі шүйгін, суы мол, малға қолайлы жер іздеді, сол себептен көшпелілер үшін кеңістік ыңғайлы және ыңғайсыз болып бөлінеді. Егер малға қолайлы болса, бір мезгіл тұрақтап, ыңғайсыз болса, басқа жерге көшіп отырған.

Э. Шакенова өзінің зерттеуінде кеңістікті ортасында адам тұратын, тұтас даланы қамтитын шеңбер ретінде суреттейді (Шакенова, 1991: 83). Ал Ж.К. Каракузова мен М.Ш. Хасенова қазақтар кеңістікті үлкен айналып тұратын шар тәрізді елестетті дейді. Қазақ халқының өмірінің өзі циклді, жыл мезгіліне байланысты жазда жайлауға, жайлаудан күздеуге, күздеуден қыстауға, қыстаудан көктеуге, көктеуден қайта жайлауға айналып көшіп жүреді. Мүмкін сол себепті жерді шар тәрізді деп ойлаған болар. Лексиконымызда «жер шары», «жер дөңгелек» тіркестері әлі де актив қолданыста. Қазақ халқы үшін кеңістіктің нақты орталығы болмаған, ол адамның тұрған жеріне байланысты үнемі өзгеріп отырған. «Менің оң жағымда, сол жағымда, маған алыс-жақын» дейтін дейктикалық сөздер осыған мысал бола алады. Алайда шартты түрде күнделікті өмірдегі кеңістіктің орталығы киіз үй деп алуға болады. Өйткені киіз үйден шығу арқылы кеңістікте бағдар алады. Байқап қарасақ, киіз үйдің асты да, шаңырағы да дөңгелек етіп жасалған. Бұның мәнісі сол кеңістікпен байланысты болса керек. А.Б. Наурызбаева қазақтың дәстүрлі танымындағы кеңістік жер асты, жер ортасы және жер үсті (аспан) әлемдерінен тұратынын айтады.

Қазақ тіл білімінде кеңістік ұғымы грамматикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік құрылымдар арқылы айқындалады. Ал көркем шығармаларда *дала*, *жер*, *жол* т.б. сөздерімен беріледі, доминант мағынасы – *дала*. Ендігі кезекте І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясын негізге ала отырып, осы ұғымдарды талдайық. Қазақ халқы даламен тұтас өмір сүрген. «Дала халқы» деп атайтыны да сондықтан. «Дала» – қазақ халқының мәдениетін, мінезін, тұрмысын, салт-дәстүрін тереңінен ашатын сөз. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» *дала* сөзінің он мағынасы берілген. «Көшпенділерде» осының барлығы дерлік кездеседі.

Алғашқы мағынасы: «*Бетін шөптесін өсімдік басқан, ландшафттық-белдемдік өңірлердің жалпы атауы, ормансыз аумақтар* (ҚӨТС, 4-том: 454). «Көшпенділер» трилогиясында аумақ мағынасында қолданылатын *кең дала*, *ұшы қиыры жоқ дала*, *шексіз дала*, *ну дала*, *тақыр дала*, *ен дала*, *жазира дала* тіркестері кездеседі. *Кең*, *шексіз*, *ұшы қиыры жоқ* сөздері көлемнің ауқымдылығын білдірсе, *ен дала* деп жазық жерді айтамыз. Ал «жазира» сөзі араб тілінен енген, бастапқы мағынасы – арал, бірақ қазақ тілінде «дала» сөзімен тіркесіп, *жазира дала* – кең-байтақ дала деген ауыспалы мағынада қолданылады. Байқағанымыздай, қазақ ұғымында *дала* – әрқашан кең, шексіз, ұшы қиыры жоқ, *ен дала*. Қазақта «кіші дала» деген түсінік жоқ.

Аумақ үлкен болғандықтан, ландшафт та әртүрлі. Бір жері шөп өспейтін, ештеңе жоқ *тақыр дала* болса, екінші бөлігі – керісінше *ну дала*. «Ну» сөзі қалың жынысты, орманды, жасыл-желекті жер деген мағынаны береді. *Көк майсалы дала* – жұмсақ, майда шөп көп өсетін, демалуға ыңғайлы жер. Ал *шалғынды дала* – биік шөп көп өсетін жер.

Екінші мағынасы: аула, сырт, қора. «*Далаға шықса, ақ түйе орда сыртында жатыр екен* (Есенберлин, 2015б: 291)».

Далада өскен, даланың бауырына кіру тіркестерінен үшінші бір мағынасы ашылады. Қазақтың жас кезден қарттыққа дейінгі бар өмірі аунап-қунап далада өткен. Дала – халқымыз үшін отан, туған жер.

Төртінші мағынасы: *қазақ елі*. «...орыс шекарасындағы саудагерлер қазақ елінің өлі затын

тым арзан бағамен алды, бірақ бұл сауда-саттық дала жұртына тек... (Есенберлин, 2015б: 113)». Автор сөйлем басындағы *қазақ елі* сөзін дала жұртымен алмастырады. Демек, дала – ол қазақ.

Бесінші мағынасы: *қазақ даласы, қыпшақ даласы* дегендегі белгілі бір елдің аумағы. Қазақтың территориясы, қыпшақтың территориясы. Сондай-ақ шығармада *баиқұрт жері, жоңғар жері, моңғол жері, қалмақ жері* тіркестері кездеседі. Осы контексте *дала* мен *жер* сөздері синоним бола алады.

Алтыншы мағынасы: атамекен. «*Ұмыттың қазақ даласын, Ұлғайттың жаным жарасын* (Есенберлин, 2015а: 96)» – деген жолдарда анық көрінеді. Ата-бабасының туып өскен жері әрқашан да балаға мирас. Қазақтар – жау шапқыншылары басып алып не жер аударып әкетпесе, атамекенінен алыстамаған жұрт.

Жетінші мағынасы: айдала, адам аяғы сирек басатын жер, елсіз дала. «*Найза ұстауға жарайтын жігіттерін қойдай бауыздады, кәрі-құртаң шал-кемпірлерді айдалаға айдап тастады* (Есенберлин, 2015б: 29)».

Бұған қоса «Көшпенділерде» *егістік даласы* (ауылшаруашылық алаңы), *майдан даласы* (соғыс алаңы) мағыналары кездеседі.

Қазақ танымында даланың пішіні бар, мысалы, *жалпақ дала, жазық дала*. Жалпақ даланың халқымыз үшін мағынасы терең. Географиялық жағынан қарайтын болсақ, жалпақ дала – таулы өлкеде болатын кең алқап, жер бедерінің бір түрі. Ал таным тұрғысынан қарағанда, тау үстіндегі тегістеу жер болғандықтан, мал жайылымына қолайлы және ертеректе хан сайлауы, билер, ақсақалдар кеңесі осында өткізілетін болған. Жалпақ пен жазық сөздерінің даламен тіркескендегі мағынасы ұқсайды. Екеуі де кең және тегіс. Айырмашылығы – жалпақ дала таулы аймақта болса, жазық дала – тегіс жер.

Қазақ халқының ұғымында даланың *сар дала, жасыл дала* деген сияқты түрлі реңктері бар. Түстердің негізгі мағынасы жалпыға түсінікті болғанымен, әр халықтың дүниетанымына байланысты түрлі ұғымдармен тіркесіп келіп, ауыспалы мағынаға ие болады. Түр-түс атаулары көркем шығармада автордан шебер қолданысты талап етеді. Сол арқылы ақын-жазушылар сан түрлі образ жасап, бейнелеу тәсілі ретінде ауыспалы мағынада қолданылады. І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында дала мен әртүрлі түстерді қатар қою арқылы оқырманды алда болғалы жатқан оқиғаға алдын ала дайындап отырады. Мысалы, соғыс немесе бір жамандық болайын деп жатса, *қызыл қанды дала*, жайма шуақ күндер болса, *жасыл дала* тіркестері қолданылған. Сонымен қатар түстер арқылы қазақтың танымы, дала сипаты, жер бедерінің құрылымдары көрсетіледі. Даланың реңктері *сары (етрақ), қызыл, көгілдір, жасыл, сұрғылт* және *боз*. Мәтінде көгілдір, жасыл түстерінің мағынасы позитивті. Ал сары, қызыл, сұрғылт, боз түстері негативті мағына береді.

Көгілдір. Көгілдір – көк түстің ашықтау реңкі. О баста көк түс көк аспан мен өсімдіктер дүниесіне қатысты қолданылып, кейін «көкшіл», «көгілдір» сияқты басқа да реңктері қалыптасқан. Жалпы түркі халықтарында көк түс – Көк Тәңірі, аспанмен үндес қасиетті түс. «*Жаңа ғана сағым ойнап тыныш жатқан мидай жазық көгілдір дала да, маужырап тұрған көгілдір аспан да* (Есенберлин, 2015а: 96)». Көгілдір түс тыныштықты, босаңсуды білдіріп тұр. Бұл – халықтың алаңсыз өмірі.

Жасыл. Жасыл түс табиғатпен үндестікті көрсетеді. Қазақтар табиғатты ертеден зерттеп, шөптің шыққаны, құстың ұшқанына қарап болжамдар жасаған. «Шөп шықты» дегенді «көк шықты» деп те айтады. «...көк шалғыны толқынданып, жұпар иісі аңқыған қазақтың жасыл даласы, тілегі халықтың қамы (Есенберлин, 2015б: 259)». Жасыл дала «шөбі шүйгін, көгалды жер» деген мағынада қолданылған.

Сары. Сары мен етрақ – бір түс, етрақ деген – ескі түрікше формасы. Қазіргі кездегі сары түстің ассоциациясы алтын, астық, байлық пен молшылықты білдіреді. Бұл – сары түстің негізгі мағынасы. Алайда сары түстің ауыспалы мағынасы негативті. *Сары уайым, сары майдай ұзақ сақталу, сары сабан* (әбден сақталып, сүрленген сабан), *сары күз* (жапырақтар сарғайып, ұзақ өткен күз) тіркестеріне қарасақ, «сары» сөзінің тағы бір мағынасы – ұзақ. Шығармада «*Құс ұшып өте алмас шексіз сар далада халықтың қаны телегей теңіз болып тағы төгілгелі тұр-ау*

шамасы! (Есенберлин, 2015б: 110)» немесе «*етрақ далада жеті күн кезікпен күйіп-жанып, ақыры қайтыс болыпты!* (Есенберлин, 2015а: 311)» деген жолдарда кездеседі. Шығармадағы мағынасы – шексіз созылып жатқан, сусыз, шөбі қурап қалған жер.

Қызыл. «Бұл қанды жорықтар ең алдымен осы арада әлмисақтан бері егін егіп, мал бағып, қала салып, бейбіт жатқан елдерді талқандады. Одан өтіп қазақтың көшпенді байтақ даласын қызыл қанға бояп, лек-легімен күнбатысқа қарай лап қойды (Есенберлин, 2015б: 7)». Қызыл түстің мағынасы – соғыс, өлім, қанға боялып жатқан шайқас алаңы.

Сұрғылт. «Осыншама өшігердей бұларға айдалада, Түркістанның сұрғылт даласында, өзімен-өзі болып, тыныш жатқан осынау жұрт не істеді екен? (Есенберлин, 2015б: 104)». Аспанда бұлт сұрғылт тартса, ауа райы бұзылады. Мұндағы мағынасы да, елге жау шауып, қатер төнетіндігін көрсетіп тұр.

Бозаңды. «Осы құмды, құмайтты, қылыш тасты, түкті қабақ жартасты, қияқ шөпті, бозаңды далада... (Есенберлин, 2015а: 236)». «Бозаңды» сөзін бөліктерге бөліп қарастырайық. Түбірі «боз» – ақшыл, қылаң түс, сұрғылтқа жақын. Бозаң – шөлейт жерде өсетін шөп. Бозаңды – сол шөп өсетін жер. Өсімдікке су жетпегендіктен, түрі қуарып, сұрғылт тартып тұрады. *Бозаңды дала* – суы жоқ, құмды жер.

Шығармада «дала» сөзі түрлі көркемдік тәсілдермен түрленеді. Мысалы, *мидай дала*. Мидай дала «ұзыннан ұзақ созылып жатқан елсіз жер» деген мағына береді. Одан бөлек *меңіреу дала*, *күйзелген дала*, *еркін дала*, *алып дала* тіркестері кездеседі. Бұлардың бәрі – кейіптеу, даланы адам кейпінде бейнелеп тұр. Меңіреу – үнсіз, мелшиіп тұру. Ал *меңіреу дала* «тып-тыныш дала» мағынасында қолданылып тұр. *Күйзелген дала* – соғыстан кейінгі даланың тоз-тозы шыққан күйі. *Еркін дала* мен *алып даланың* мағынасы ұқсас, екеуі де кеңдікті білдіреді.

Келесі ұғым – *жер*. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» бұл сөздің «ғаламшар», «мезгіл» сияқты мағыналары болғанымен, І. Есенберлиннің үш томдығында қолданылатын мағыналары – «орын» және «белгілі бір елдің территориясы». Жер сипатына, меншіктілігіне, қасиетіне, алыс-жақындығына байланысты әртүрлі бейнеленген.

Жер сипатына қарай *жұмсақ жер*, *шұрайлы жер*, *қамысты жер*, *жазық жер*, *қолайлы жер*, *түйіскен жер*, *қара жер* деп бөлінеді. *Алыс жер*, *алыстау жер*, *таяу жер*, *жақын жер* тіркестерінің мағынасы айқын, екі ортаның арақашықтығын көрсетеді. Кеңістікті сипаттаудағы қазақ тілінің бір ерекшелігі – өлшем мен кеңістік қоса берілетін тұрақты тіркестер көптеп кездеседі. Мұндай тіркестердің бір тобы сан есім арқылы жасалса, екінші тобы төрт түлік малға байланысты айтылған. Ертеректе ғылым мен техниканың дамымаған кезінде қазақ халқының төл өлшем бірліктері болған. Олар бұрындары жақын жерді қолмен өлшенген. Мысалы, *құлаш*, *елі*, *сүйем*, *қарыс* т.б. «Көшпенділерде» осылардың ішінен *үш құлаш жер* тіркесі кездеседі. Құлаш – екі қолды екі жаққа жайғандағы өлшем. Этимологиялық сөздікте «қолды + аш» сөздерінің кірігуінен шыққан деп берілген (ҚТҚЭС, 1996: 174). Сонда үш құлаш – 4-5 шақырымдық жер. *Он бес күндік жер. Он күндік жер.* Қазақтар бұрындары атпен жүрген, сәйкесінше күндік жер аттың шабысымен есептеледі. Ат бір күнде 50-60 шақырым жүреді, сонда он күндік жер – 500-600 шақырым, ал он бес күндік жер – 750-900 шақырым.

Қазақтар төрт түлікті қадір тұтқан. Мал – халқымыз үшін жесе тағам, мінсе көлік. Негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғандықтан, кей түсініктерді осы арқылы таныған. Жылқы – көшіп-қонғанда, жауға қарсы шапқанда сенімді серік болған жануар. Оны жасына, түсіне, жынысына байланысты әртүрлі атаған. Ауызекі тілде де, көркем әдебиетте де *ат шаптырым жер* идиомасын жиі қолданамыз, ол орта есеппен 25-30 шақырым, бірақ аламан бәйгеге шапқанда 70 шақырымға дейін жетеді. *Бие сауымдай жер* – биені сауу шамамен екі сағат уақытты алады, осы аралықты қамтитын жер. *Атан жүрер жер.* Атан – түйенің еркегі. Алыс жолға, шөлге төзімді. Көбіне жүк артып, көшіп-қонуға пайдаланған. *Қозы көшіндей жер.* Қозылар өздері жайылып бара алатындай жер, шамамен 5-6 шақырым. *Әудем жер.* Дауыстап шақырса, еститін жер, шамамен 100 метр.

Қазақ халқы жаугершілік заманнан бастап өз жері мен өзгенің жерін ажырата білген. Соған байланысты *жаулап алған жер*, *меншікті жер*, *жаудың жері*, *жат жер*, *өз жері* тіркестері қалыптасқан. Одан бөлек «жер» басқа сөздермен тіркесіп, фразеологизмдер жасайды. *Ат*

құйрығын кескен жер (қарым-қатынасын тоқтатқан жер), *қоярға жер таппау* (ыңғайсыздану).

Кеңістік мағынасын ашатын сөздердің бірі – *жол*. *Дала, жер, жол* сөздері бір-бірінің мағынасын толықтырып отырады. «Көшпенділер» трилогиясында жолдың мынадай мағыналары бар:

- *Адам, мал немесе көліктің қайта-қайта жүруінен тақырланған із* (ҚӘТС, 6-том, 2011: 460). «*Қыпшақ жылқылары еш уақытта әдет алған жолынан жаңылыспайды* (Есенберлин, 2015а: 67)». Доминант мағынасы «тақырланған із» деп айта аламыз, себебі басқа мағыналардың шығуына негіз болған және ең жиі қолданылатыны осы. Мысалы, *қисық жол, алыс жол, сауда жолдары, қара қатқақ жол, тоғыз торап жол, бөктер жол, төте жол, құпия жол, қия жол, қоба жол, құмды жол, тас жол, қанды-жосықты жол, жалғыз жол, тар жол, мейірімсіз жол, көш жолы*. Жыл мезгілдеріне байланысты көшкенде, бір елмен соғысқанда өтетін жолдың сан түрі болған. Басым бөлігінің мағынасы көрер көзге түсінікті. Тілімізде пассив қолданысқа енген сөздерді талдап көрейік. Қазақ тілінде «қоба» сөзінің мағынасы «тар», «жіңішке» деп көрсетілген. Демек, *қоба жол* – тар жол. *Қия жол* – тауға өрмелей шығатын жол. *Тоғыз торап жол* тіркесінің мағынасын талдасақ. Тоғыз саны да – жеті сияқты тіліміздегі қасиетті сандардың бірі. Тілші ғалым Н. Уәли «тоғыз беру» тіркесін қазақтың салт-дәстүрімен байланыстыра отырып, бір рудың екінші руға төлейтін айыбы немесе той-томалақта беретін сый екенін айтады (Уәлиев, 1988: 103-107). Тілімізде одан бөлек «үш тоғыз», «тоғыз ай, тоғыз күн бала көтеру», «тоғыз қабат торқа кию», «тоғыз жолдың торабы» т.с.с. тіркестер кездеседі. Ал «торап» сөзі жолдардың тоғысқан жері деген мағынаны береді. Сонда *тоғыз торап жол* – тоғыз жердің бір нүктеде түйісуі. Қазіргі кезде тоғыз жолдың торабы деп, тоғыз жол түйіссе ғана емес, бірнеше жолдың тоғысуын айта береміз. Демек, «тоғыз торап» тіркесінің символдық мәні бар. *Бөктер жол*. «Бөктер, бөксе, бөксек» сөздерінің түбірі бір, «бөк» сөзінен шыққан. Бөксе – адамның, жануардың саннан жоғары жамбас тұсы. Ал бөксек М. Қашқаридың «Түрік сөздігінде» және «Көне түркі сөздігінде» *әйел адамның кеудеден жоғары жері* деп анықтама берген. Бөктер де – сол сияқты таудың етекпен жоғарылау жері, бөксе тұсы. Сонымен, «бөктер жол» дегеніміз – таудың етегіндегі жоғарылай шығатын жол. Көш жолы – бір жерден екінші жерге қоныстану үшін зат тиіп артылған керуен. Қазақтар көшкенде бір ізбен және ауыл-ауылмен көшетін болған. Ол кездегі арақашықтық алыс болғандықтан, жалғыз шықса ит-құсқа жем болмасын деген қажеттіліктен туған. Ал бір ізбен жүруін ол кездегі жолдың нашарлығымен түсіндіруге болады. Алдынан бір кісі жүріп жолды ашып, бағамдап отырған. Қазақ халқының танымында жол – бәрімізге таныс жүретін жолдан әлдеқайда кең ұғым. Жол – философия, ол – өмірдің өлшемі.

- «*Гүлбаһрам-Сұлтан-Бегім сұлуын ертіп жолға шыққан* (Есенберлин, 2015а: 280)». Бұл сөйлемде сапар, жол жүру мағынасы ашылып тұр.

- «*Әбілқайыр мұсылман ханы болғанмен, Мұхаммет пайғамбардың жолын берік ұстамайтын* (Есенберлин, 2015а: 88)». *Пайғамбардың жолы* деп оның жүрген жерін емес, істеген амалдарын, үлгі-өнегесін меңзеп тұр. Осыған байланысты *ата жолы, батырдың жолы* тіркесін де айта кеткен жөн. Бұл біздің ата-бабаларымыздың істеген жақсы әрекеттерін өзімізге үлгі ету, сол сияқты болу.

- «*Ал құртудың екі жолы бар, бірі – Моғолстанды шабу. Екіншісі – Жәнібек пен Керейді көп кешіктірмей жою* (Есенберлин, 2015а: 91)». Мұндағы мағынасы – амал, айла, қулықпен өз дегеніне жету.

- «*Олай болса, бұл жолы қоя тұрайық, – дей салған хан* (Есенберлин, 2015а: 107)». «Бұл жолы», «келесі жолы» тіркестері уақытты білдіреді.

- «*Адасқанын жолға салдың бұл ногойлы ұлының!* (Есенберлин, 2015а: 133)». Жолға салудың мағынасы – бағыт, беталыс көрсету. «Алмас қылыш» романында *тура жол, дұрыс жол, ақ жол, бұрыс жол* сөздерінің мағынасы да осыған саяды. «*Дініндегі адамдарды ақ жолынан адастырмасын деп, біржолата құртуға жарлық берген* (Есенберлин, 2015а: 197)». *Тура, дұрыс, ақ жол* жақсы бағытта, *бұрыс жол* жаман бағытта жүргенін білдіреді. Жол – тағдыр ғана емес, ол жақсылық пен жамандықтың баламасы да бола алады.

- *Ақ жолдың* екінші мағынасы – ырым, салт. Ұзақ сапарға шыққанда ақ жол тілеп, бата беру қазіргі кезге дейін сақталған. Тағы бір ескі салт бойынша, жаралы жауынгердің үстінен

әйелін үш рет аттататын болған. Әйел күйеуіне адал болса, ер азаматы аурудан лезде айыққан екен. *Ақ жол* – қай жағынан қараса да, әділетті ұстанған тура бағыт.

• *Жол беру* – үлкеннің бірінші болып жүру салты. «*Уа, жарқыным, Әбілқайырға ердің – жол бермедің, ұлымды өлтірдің – құн бермедің*» (Есенберлин, 2015а: 135)». Үлкеннің жолын кеспеу – қазақ тәрбиесіндегі басты қағидалардың бірі.

Зерттеу нәтижесінде кеңістік туралы алғашқы түсініктер көне түркілік кезеңде қалыптасып, көшпелі өмір салты арқылы дами бастады деген тоқтамға келдік. Көне түркі жазба ескерткіштерінде әлем – төртбұрышты болса, жыраулар поэзиясында сегізбұрышты, ал қазақтың дүниетанымында кеңістік – шексіз. Кеңістікті тік және көлденең бағытта қарастыруға болады. Тік деп тұрғанымыз ауыз әдебиетінде жиі кездесетін үш құрылымды сипаттау: жер асты – мифологиялық кейіпкерлер немесе о дүниеліктер мекені; жердің ортасы – қарапайым адамдар өмір сүретін жер; жер үсті – жоғары күштің мекені. Ал көлденең бағытта жердің әртүрлі ландшафтысына қарай *тақыр дала, көк майсалы дала* деген сияқты түрлене береді. І.Есенберлиннің үш томдығында кеңістік мағынасы *дала, жер, жол* сөздері арқылы айқын көрінеді. Қазақ үшін *дала – кеңістік, дала – аула, дала – туған жер, дала – атамекен, дала – қазақ, дала – белгілі бір елдің территориясы, дала – елсіз мекен*. Даланың көлемі, пішіні, түсі, тарихи сипаты бар. Көркем шығармада далаға әртүрлі рең беру арқылы оқырманды психологиялық тұрғыдан алда болатын жайтқа дайындап отырған. *Көгілдір, жасыл* түстер жақсы оқиға болатынын білдірсе, *сары, қызыл, сұрғылт, боз* түстері алда бір жамандықтың боларын меңзейді. Жер – тек аумақ ғана емес, көшпелілердің табиғатпен тығыз байланысын, кәсібін суреттейтін сөз. Ата-бабаларымыз жерді өлшеудің өзіндік әдісін ойлап тапқан. Жақын арақашықтықты есептеуде қол, аяқ секілді адамның дене мүшелері қолданылса, алыс арақашықтықты есептеу үшін төрт түлік малдың жүрісі алынған. Қазақ дүниетанымында жол – өмірлік философия. Біріншіден, адамның жақсы не жаман болуы оның тура не бұрыс жолда жүруіне байланысты. Екіншіден, қазақтарда дәстүр, салт, мәдени кодты атадан балаға беру *ата жолы* арқылы жүзеге асқан. Үшіншіден, жол – ол бағыт, жол арқылы шешім тауып отырған. *Дала, жер, жол* сөздері тірі организм сияқты. Қазақ халқының басынан кешкен тарихи, саяси, әлеуметтік жағдайлармен бірге түрленіп, мағынасы кеңейіп отырған.

Қорытынды

Әр ұлтта кеңістікті сипаттайтын негізгі ұғымдар бар. Кеңістікті түсіну сол халықтың дүниетанымымен тікелей байланысты. Қазақтың дәстүрлі танымында кеңістіктің негізгі мағынасы ұшы-қиыры жоқ кең дала арқылы танылады. Ары қарай *жер, жол* сөздері арқылы мағынасы тереңірек ашылады. Қазақтың дүниетанымында кеңістік – қозғалмалы категория, себебі қазақ халқы кеңістікті үнемі жолда, ат үстінде, бір жерден екінші жерге көшіп жүріп таныды. Көшпелілер өзін табиғаттың бір бөлігі ретінде қарастырады. Жер, шөп, аспан, жануарлардың бәрін бір-бірімен астастыра білді. Ата-бабаларымыз даланы, жерді, жолды қарапайым заттармен ұштастыра отырып, өмірлік философиясын, салт-дәстүрін, өлшем бірліктерін осы табиғат пен кеңістік төңірегінде құрды. Демек, кеңістікті танып-білу – қазақ үшін кеңістікті бағдарлау ғана емес, сол арқылы ұлттық-мәдени кодты тану.

Әдебиеттер

- Ахундов М.Д. Концепции пространства и времени: истоки, эволюция, перспективы. – Москва: Наука, 1983. – 222 с.
- Бахралинова А.Ж. Пространственная параметризация казахской языковой картины мира // Вестник КемГУ, 2013. – 170-177 с.
- Бондарко А.В. Теория функциональной грамматики: Локативность. Бытийность. Посессивность. Обусловленность. – СПб.: Наука, 1996. – 230 с.
- ГЭС: Географический энциклопедический словарь : понятия и термины. / гл. ред. А. Ф. Трешников. – Москва: Советская энциклопедия, 1988. – 456 с.
- Гумилев Л.Н. Открытие Хазарии. – Санкт-Петербург-Москва, 2002. – 352 с.
- Есенберлин І. Көшпенділер: роман-трилогия / 1-кітап: Алмас қылыш. – Алматы: БПКА, 2015. – 380 б.
- Есенберлин І. Көшпенділер: роман-трилогия / 2-кітап: Жанталас. – Алматы: БПКА, 2015. – 380 б.
- ҚӘТС: Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том. / Құраст.: Н. Әшімбаева, Қ. Рысбергенова, Ж. Манкеева және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.

- ҚӘТС: Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том / Құраст.: Ж. Қоңыратбаева, Ғ.Қалиев, Қ. Есенова және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
- ҚТҚЭС: Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Құраст.: Ысқаков А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш. – Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.
- МЭС: Математический энциклопедический словарь. /Гл. ред. Ю.В. Прохоров. – Москва: Советская энциклопедия, 1988. – 847 с.
- Уәлиев Н. Жұмбақ сандар // «Жалын» журналы, 1988. – №4. – Б. 103-107.
- Физика. ОҚТС: Физика. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік. / Жалпы ред. Басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын – Павлодар: Кереку, 2011. – 449 б.
- ФЭС: Философский энциклопедический словарь. /Гл. ред. Л.Ф. Ильичев. – Москва: Советская энциклопедия, 1983. – 840 с.
- Шаймердинова Н.Г. Древнетюркская картина мира в текстах письменных памятников. Учебное пособие. – Астана, ЕНУ, 2014. – 261 с.
- Шакенова Э. Художественное освоение мира // Кочевники. Эстетика. – Алматы, 1991.

References

- Ahundov, M.D. (1983) Konceptii prostranstva i vremeni: istoki, jevoljucija, perspektivy. Moskva: Nauka, 222 s. [Akhundov, M.D. (1983) Concepts of space and time: origins, evolution, prospects. Moscow: Nauka, 222 p.] (in Russian)
- Bahralinova, A.Zh. (2013) Prostranstvennaja parametrizacija kazahskoj jazykovoj kartiny mira. Vestnik KemGU, S. 170-177 [Bakhralinova, A.Zh. (2013) Spatial parameterization of the Kazakh language picture of the world. Bulletin of KSU, P. 170-177.] (in Russian)
- Bondarko, A.V. (1996) Teorija funkcional'noj grammatiki: Lokativnost'. Bytijnost'. Posessivnost'. Obuslovlennost'. Sankt-Peterburg: Nauka, 230 s. [Bondarko, A.V. (1996) Theory of functional grammar: Locativity. Being. Possessiveness. Conditionality. Sankt-Peterburg: Nauka, 230 p.] (in Russian)
- Esenberlin, I. (2015) Koshpendiler: roman-trilogija. 1-kitap: Almas qylysh. Almaty: BPKA, 380 b. [Yessenberlin, I. (2015) Nomads: a novel-trilogy. Book 1: Diamond sword. Almaty: BPKA, 380 p.] (in Kazakh)
- Esenberlin, I. (2015) Koshpendiler: roman-trilogija. 2-kitap: Zhantalas. Almaty: BPKA, 380 b. [Yessenberlin, I. (2015) Nomads: a novel-trilogy. Book 2: Despair. Almaty: BPKA, 380 p.] (in Kazakh)
- FJeS: Filosofskij jenciklopedicheskij slovar' (1983) / Gl. red. L.F. Il'ichev. Moskva: Sovetskaja jenciklopedija, 840 s. [PED: Philosophical Encyclopedic Dictionary (1983) Editor L.F. Il'ichev. Moscow: Soviet Encyclopedia, 840 p.] (in Russian)
- Fizika. OQTS: Fizika. Oryssha-qazaqsha tusindirme sozdik (2011) / Zhalpy red. basqargan E. Aryn. Pavlodar: Kereku, 449 b. [Physics. RKED: Physics. Russian-Kazakh Explanatory Dictionary (2011) Editor Y. Aryn. Pavlodar: Kereku, 449 p.] (in Kazakh)
- GJeS: Geograficheskij jenciklopedicheskij slovar': ponjatija i terminy (1988) /gl. red. A.F. Treshnikov. Moskva: Sovetskaja jenciklopedija, 456 s. [GED: Geographical Encyclopedic Dictionary: concepts and terms. Moscow: Soviet Encyclopedia, 456 p.] (in Russian)
- Gumil'ov, L.N. (2002) Otkrytie Hazarii. Sankt-Peterburg-Moscow, 352 s. [Gumilev, L.N. (2002) The discovery of Khazaria. Sankt-Peterburg-Moscow, 352 p.] (in Russian)
- MJeS: Matematicheskij jenciklopedicheskij slovar' (1988) / Gl. red. Ju.V. Prohorov. Moskva: Sovetskaja jenciklopedija, 847 s. [MED: Mathematical Encyclopedic Dictionary (1988) Editor Ju.V. Prokhorov. Moscow: Soviet Encyclopedia, 847 p.] (in Russian)
- QATS: Qazaq adebi tilining sozdigi (2011) On bes tomdyq. 4-tom. /Qurast.: N. Ashimbaeva, Q.Rysbergenova, Zh. Mankeeva zhane t.b. Almaty, 752 b. [EDKL: Explanatory dictionary of the Kazakh language (2011) Fifteen volumes. Volume 4. / Comp. N.Ashimbayeva, K. Rysbergenova, Zh.Mankeyeva etc. Almaty, 752 p.] (in Kazakh)
- QATS: Qazaq adebi tilining sozdigi (2011) On bes tomdyq. 6-tom / Qurast.: Zh. Qongyratbaeva, G. Qaliev, Q.Esenova zhane t.b. Almaty, 752 b. [EDKL: Explanatory dictionary of the Kazakh language (2011) Fifteen volumes. Volume 6. / Comp. Zh. Konyratbaeva, G. Kaliyev, Q. Yessenova etc. Almaty, 752 p.] (in Kazakh)
- QTQJeS: Qazaq tilining qysqasha jetimologialyq sozdigi (1966) / Qurast.: Ysqaqov A., Syzdyqova R., Sarybaev Sh. Almaty: Gylm, 240 b. [BEDKL: Brief Etymological Dictionary of the Kazakh language (1966) Comp. Ysqaqov A., Syzdyqova R., Sarybaev Sh. Almaty: Gylm, 240 p.] (in Kazakh)
- Shaimerdinova, N.G. (2014) Drevneturkskaja kartina mira v tekstah pis'mennyh pamjatnikov. Uchebnoe posobie. Astana: ENU, 261 s. [Shaimerdinova, N.G. (2014) The ancient Turkic picture of the world in the texts of written monuments. Textbook. Astana: ENU, 261 p.] (in Russian)
- Shakenova, Je. (1991) Hudozhestvennoe osvoenie mira. Kochevniki. Jestetika. Almaty. [Shakenova, Je. (1991) Artistic exploration of the world. Nomads. Aesthetics. Almaty.] (in Russian)
- Ualiev, N. (1988) Zhumbaq sandar. Zhalyn, №4. B.103-107 [Ualiyev, N. (1988) Mysterious numbers. Zhalyn, №4. P. 103-107.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 30.01.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 23.12.2024.

© Искакова А., 2024

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2024